

Рақыш Ж.С.
**«Қамбар батыр» жырындағы
әйелдер бейнесі**

«Қамбар батыр» жырында әйелдер бейнесі басты қаһарманның тұлғасын даралай көрсетуге қызмет етеді. Назым бейнесі жырда батырдың көп ішінен таңдаған жары, сүйген сұлу ретінде көрінеді, қыздың батырды қалауы арқылы қаһармандық дәуірдегі батырлықтың бағалануы, ел қорғайтын тұлғаның мадақтай әспеттелуі батырлық жыр поэтикасына сәйкес сомдалған. Анасының батыр тұлпарын баптауы, жеңгелердің екі жастың қосылуына тілектес, ниеттес болуы, рулық, отбасылық қарым-қатынастардың сипаты көрініс береді. Әйел еркі заманынан сақталған көне салттар іздері – қыздың күйеу таңдауы, болашақ жары қандай болуы керектігі туралы талабы, батырдың тұлпарын шешесінің баптауы, шешесінің ақ батасымен жорыққа аттануы – барлық нұсқаларда сақталған. Мақала авторы осы жайттарға тоқтала отырып, жырдың түрлі нұсқаларындағы әйелдер бейнесін қыздың күйеу таңдауындағы нұсқалық өзгешеліктер, батырдың анасы образын беру тәсілдеріндегі мәтіндік айырымдар арқылы зерделенеді. Зерттеу нысаны ретінде «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеу әдістері құрады. Жұмыстың нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, докторанттарға пайдалануға болады, мақала фольклортанушы және мәтінтанушы мамандар үшін маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: эпос, батырлық жыр, әйел бейнесі, нұсқалық өзгешеліктер, мотив.

Rakysh Zh.S.
**Women images in the epic
«Kambar batyr»**

In the epic «Kambarbatyr» the system of women images provides specific description and revealing of the main character. Nazim in the epic is shown as the image of the beauty and betrothed who was chosen by the batyr and she is choosing a fiancé- batyr, so this is a heroic theme and courage of heroic epoch, and praise for the defender of the Motherland are in compliance with poetics of the heroic epic. Mother's care for the batyr's steed, friendly actions of the sisters-in-law of the girls, their solidarity shows the character of clan and family relations. Choosing of the betrothed by the only daughter of the Khan, her claims to him (heroism), mother's care for the batyr's steed, mother's blessing before going to the campaign, the echoes of ancient customs and rituals of matriarchy, are presented in all versions of the epic. The author of the paper focuses on these circumstances, and he has explored textual differences in the methodology of transfer of the batyr's mother's image, choosing of fiancé by the girl, the image of women in different versions of the epic. The research object includes the analysis of the image of women of the epic «Kambarbatyr». The methodological basis of the work includes textual, comparative-historical, typological methods.

Key words: epic, heroic epic, women images, textual differences, motive.

Рақыш Ж.С.
**Женские образы в эпосе
«Камбар батыр»**

В эпосе «Камбар батыр» система образов женщин служит для того, чтобы обособленно показать и раскрыть личность главного героя. Назым в эпосе показана в образе выбранной батыром красавицы, суженой, через выбор себе жениха-батыра расценивается как героиня и мужество героической эпохи, похвала защитника уродины, даны в соответствии с поэтикой героического эпоса. Уход матери за скакуном батыра, дружественные действия со стороны невесток девушки, их солидарность указывают на характер племенных, семейных отношений. Выбор суженого единственной дочерью хана, ее требования к нему (богатырство), уход матери за скакуном батыра, благословение матери перед походом, отголоски старинных обычаев и обрядов матриархата присутствуют во всех вариантах эпоса. Автор статьи останавливается на этих обстоятельствах, также им были изучены текстологические различия в методологии передачи образа матери батыра, выбора жениха девушки, образ женщин в разных версиях эпоса. В качестве объекта исследования анализируется образ женщин эпоса «Камбар батыр». Методологическую основу работы составляют текстологический, сравнительно-исторический, типологический методы.

Ключевые слова: эпос, героический эпос, женские образы, текстологические различия, мотив.

**«ҚАМБАР БАТЫР»
ЖЫРЫНДАҒЫ
ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ**

Батырлық жырлардағы әйелдер бейнесі отандық және әлемдік фольклортану ғылымында біршама қарастырылған, басқа эпостық жырлардан болмыс-бітімі өзгеше «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі де дараланады.

«Қамбар батыр» жырындағы образдар жүйесінде батырдың сүйген жары Назым сұлу бейнесі басты қаһарман тұлғасын көмескілемейді, қайта батырдың образын ашудағы әйел бейнесінің өзгеше көркемдік мән атқарған жыр ерекшелігін білдіреді. Жырдың бастамасынан-ақ ерекше болмысты сұлудың бейнесі танылып, жыр соңына дейін алуан түрлі қасиет-белгілерімен сомдала түседі. «Пейіштің хор қызындай, нұр дидарлы» Назымның сән-салтанаты да ерекше. «Қамбар батырдағы» Назым бейнесі өз тегінен бөлек мінез бен іс-әрекет иесі екендігімен оқшауланады. Ол жөнінде жыр: «Алты ағасын, әкесін Ақылымен Назым биледі», – деп баян етеді. Яғни «көпке сәулесі түскен, кірсіз ажары аққағаздай арудың» ішкі-сыртқы болмысын қатар көрсету басым. Сұлу сипаты, ерке мінезімен қатар өзіне жар таңдаудағы батыл қадамдары Назым тұлғасын өзге жырлардағы әйелдер образынан ерекшелейді. Батырлық шарт қойып «күйеу таңдау» мотиві «Қобыланды батыр» жырында да бар. Бірақ, ол «Қамбар батырдағыдай» болашақ батыр образын даралай көрсетудің тәсілі ретінде алынбайды. Ел ішінде ғана емес, жат жұртқа дақырты жеткен сұлудың таңдауының кімге түскендігіне салмақ арту арқылы образ жасау жырдың өзіндік бітімі.

Жыр мазмұнында Назым көңілі көксеген батырдың тұлғасын бірден баян етпей, қалыңдық тарапынан байқалған ынтызарлық сезімдерді әспеттей бейнелеу басым. Елге жар салып күйеу таңдаған сұлудың ел мақтаған ердің дабысымен қанықтығы сезіліп тұрады. Қамбардың келмей қалуы қыздың ынтықтығын арттыра түспесе, кемітпейді. Осы тұста қыз батыр назарын аудартудың түрліше амалдарын қарастырады. Бұл реттегі Назым іс-әрекеті белгілі батырлық жырлардағыдан гөрі ертегідегі я болмаса дастандық эпостағы әйелдер бейнесіне жақындайды. Соның бірі – батырдың жолына өрмек құру арқылы бөгесін орнату. Өрмек құру мен оны үзудің символикалық белгілері әр кезеңде әр түрлі қызмет атқарады. Мәселен, үйлену және жерлеу ғұрыптарында белгілі әлемнен белгісіздікке өту

мәнін білдірсе, батырлық жырларда бас кейіпкер әрекетінің көркемдік кілті қызметін атқарады, әрі Назым тұлғасындағы көне әйелдер үстемдігі заманының белгілерін көрсетеді.

Батырдың жүрер жолына құрылған өрмек арқылы жырда көп жайттың мәні ашылады. Ең алдымен, қыз бен жігіттің бетпе-бет жүздесіп ішкі ой-сезімдерін танытуға мүмкіндік туады. Жалғыз өзі жолбарыспен жеке алысып, қанжығасы майланып келе жатқан аңшы, мерген Қамбар өмірінің жаңа бір арнасы осы сәттен бастау алады. Қыз батырмен бетпе-бет кездесіп, өз ойын аңғартады. Өйткені, фольклор заңдылығына сәйкес болашақ жарының елден ерек тұлғасына Назым да қанық. Ол жырда: «Жұрт әуес болған сұлудың Көңілі ауды сыртынан Ер Қамбардың күшіне, – деп өрнектеледі. Назым үшін батырлық мінезбен қасиет киелі. Қазақ-қалмақтан өзіне лайық жар таба алмағандағы негізгі қойған шарты да осы мазмұндас.

Төбенің үстіне мұнара салдырып алтын тұғыр үстінде отырған Назым жиылған көпшілікке, көп үміткерге назар салып қарамайды. Мақтауын сырттай естіп-біліп ұнатқан Қамбарды күтеді. Қалағаны келмеген соң, мұнарадан түсіп үйіне қайтады. Қалқай нұсқасында әкесінен рұқсат сұрап, төбе басында үш күн күтеді. Қыз Назым «жылқы ішінен асау ұстайтын қайратты, батыр» деп, «төбеге шығар ер» деп, «мұсылман» деп, «қалмақтың жазасын берер» деп көп ішінде Қамбарды қалайды. Назым жауабында айтылатын жылқы ішінен ат ұстап міну батырлықтың бір белгісіндей бағаланады. Атына бұрыннан қанық, сырттай ғашық Назым сұлу Қамбар бектің батырлығын жоғары бағалайды. «Выбор суженой в эпосе, как правило, не получает обоснования, достаточно оправдывающего бескомпромиссную борьбу за нее. Внешним обоснованием может выступать особенная красота невесты, принадлежность ее определенному социуму или локусу, слава о ее недоступности, о множестве неудачливых претендентов и трудности испытаний. Внутренне же дело сводится к тому, что герой «знает» свою суженую, «эту», которую он должен взять в жены, невзирая ни на какие трудности и преграды», – деп Б.Н.Путилов айтқандай [1, 87], Назым да Қамбарды жазбай таниды.

Фольклордағы сұлу қыздың бейнесінің дәстүрлі формула арқылы берілуіне жырда өзгеріс енген. Диваев нұсқасында Назымның ажары кірсіз қағазға, белі шыбыққа ұқсатылады, алтын тұғыр үстінде қонақтап отырған ақ тұйғынға, түрленген тауыс құсқа, пейіштегі хор қызына,

он төртінде туған айға, ашылған гүлге, уызында жарыған ерте туған бағланға, бұлттан шыққан айға теңеледі. Ол басына бриллиант қойған кәмшат бөрік, тоғыз қабат торқадан қынама камзол, әр кезі алпыс сомдық асылдан, атлас көйлек киіп, шашына алтын шашбау тағып, қара көк жорға жеккен күймелі арбаға мінеді. Тухфатуллин нұсқасында Назым сұлудың портреті біршама нақты суреттелген: еті жауған қардан аппақ, басы түймедей, беті қар үстіне тамған қандай, мойны қудың мойнындай, көзі құралайдың көзіндей, білегі Сырдың құба талындай, балтыры ақ киіктің таңындай, екі емшегі сау қайыңның безіндей. Сұлулығы хор қызына, ақ сұңқар құсқа, түрленген тоты құсқа теңеледі. Назым сұлу жағасы алтын қамқа тон киіп, алтын күйме ішінде жиналған үміткерлерді көреді. Күйме – эпикалық сұлудың байлығы мен салтанатының символы. Бармақ нұсқасында Назым сұлудың сөйлер сөзден жаңылмайтын тапқыштығы, шешендігі және жібектей майда мінезі, әрі білімділігі дәріптеледі. Шашубай Қошқарбайұлы жырлаған вариантта Назымның портретін беру тәсілі «Ер Тарғын» жырын еске түсіреді. Ақ Жүніс өз кескін-келбетін Қарт Қожакқа суреттесе, ал Назым Қамбар батырға сипаттап береді. Назым қыздың сұлулығы дәстүрлі формуламен суреттелгендіктен Назым мен Ақжүністің, башқұрттың Ақъюндуз, қырғыздың Айчүрек сұлудың кескіні (С.Каралаевтың портреттік мінездемесінде) өте ұқсас.

Назым қыздың жар таңдап, той жасау себебі үш түрлі айтылады: біріншіден, қыз әкесі өз қалауымен, ағаларының айбатынан, әкесінің байлығынан ығып қызын айттыруға ешкімнің батылы бармай отырғанын көрген соң, қызына күйеу таңдатады (Диваев нұсқасында). Екіншіден, өзімен дәрежелес хан қыздың әкесіне «қызыңды неге күйеуге бермей отырсың» деген соң, яғни біреудің сөзін тындап қызына той жасайды (Березин нұсқасында). Үшіншіден, Назым сұлу өзі «сүйгеніме барамын» деген соң, қызының сөзін назарға алып, жар салып ел-жұртын шақырады (С.Әбжанов (ертегілік) нұсқасында). Қалың малсыз беру қалыңдық әкесінің байлығын көрсететін дәстүрлі эпикалық форма екені белгілі [2, 25]. Қыздың күйеу таңдау мотиві күйеудің ертегілерде қиын тапсырмаларды орындау, жұмбақ шешу, батырлық жырларда қарсыласпен айқас, көне эпоста қалыңдықтың өзімен күресу түрінде кездеседі [3, 125-126; 4; 5].

Көне рулық замандағы салт бойынша патшалық мұрагерлікте аналық жүйе басты мәниленген. Ол қартайған патшаның қызына

күйеу таңдатып жар шақыруынан көрінеді. Дж.Фрээр рулық қоғамдағы патша қызынан үміткердің жеке басының қасиеттері – орасан күштілігі мен асқан сұлулығы ескеріліп, патша қызына үйленген күйеуге елді басқару мен тақ та қоса берілгенін, арий халқында патшалықты ер адамға емес, әйел адамға, яғни патша қызына үйленген жатжерлікке беру қалыпты жағдай болғанын айтады [6, 175]. Кейін патшалық әкеден балаға ауысады. Жырда ежелгі сюжетпен қоса кейінгі қалмақпен болған соғыс сарыны қосылған.

Қыз әкесі Әзімбай «Назымға таңдау қоям» деп алашқа тегіс білгізеді. «Мал жайып жүрген он екі жасар балаға» дейін хабар берілгенде Қамбарға хабар тимей, шақырылмай қалу себебі арқылы жырдағы негізгі кейіпкер тұлғасын таныту көрініс тапқан, оның өзі нұсқалар ерекшелігін көрсетеді. Негізінен Қамбар кедей болғандықтан тойға шақырылмай қалады да, «қызым кімді қаласа, соған берем» деп жар салған Әзімбайдың өзі Қамбардың атын естіген бойда ашуланады. Ал Назымның Қамбардың атын естігеннен құштарлығы артады. Енді бірде Қамбардың қолы тимей тойға келмейді (Бармақ нұсқасы). Кейде Әзімбайдың Қамбарды ұнатпауы әкесі Әлімбай арасындағы бас араздыққа байланысты болып та көрінеді (М.Жапақов варианты). Басқа классикалық батырлық жырларда айтылатын құдалық бесік құда, ежеқабыл пен бір себептермен құдалықтың бұзылуы сияқты жағдай «Қамбар батыр» жырында да орын алуы әбден ықтимал. Сосын жырдың даму, жинақталу кезеңінде ұмытылуы, қалып қоюы мүмкін.

Жатжерлік ханның, эпикалық дұшпанның қызды, яғни батырдың қалыңдығын талап ету мотиві Тухфатуллин және Бармақ нұсқасында ғана орын алған. Тухфатуллин нұсқасында Мақтымның «қыз Назымды көремін» деп айтқан жарлығын ешкім батып Назымға айта алмайды, өзі ақылменен біледі. Бармақ нұсқасында Мақтым хан қыз жеңгесіне жасауыл бала жіберіп, қызды талап етеді. Назым Қамбар келгенше айламен қалмақты алдау үшін күймелі арба жектіріп, жеңгесі мен бірге Мақтым жатқан ордаға келеді. Екі нұсқада да қазақтың күйеу сырттан, қыз іштен қол ұстасу салтымен жеңгесінің білегін беріп, Назым айлсын асырып, қалмақ ханынан, Тухфатуллин нұсқасында үш сексен күн, Бармақ нұсқасында отыз күн той болады деп кеңдік алады. Жателдің ханының қызды талап ету мотиві «Қыз Жібекте» (қалмақ ханы Қорен) де кездесетіні белгілі.

Тухфатуллин нұсқасында Назым Қамбардың жолын тосып Мақтым ханнан айламен тойдың болатын уақытын созыру үшін үш сексен күн кеңдік сұрап алғанын айтады. Сонда Қамбар: «Мен бір ғаріп баламын, Бір сапарға барамын. Жол үстінде әйелмен Сөйлесем болар кесір-ді», – дейтін жолдарынан көне замандардағы әйелді жағымсыз бейнеде көрсететін ұғымдардың сарыны аңғарылады. Дүние жүзі халықтарының көне таным-түсініктерін зерттеген Дж.Фрээрдің көрсетуінше, көптеген халықтарда жауынгерге соғыс кезінде, ұрыс алдында әйелмен сөйлесуге қатаң тыйым салатын дәстүр болған [6, 227].

Батырға лайық жардың еріне деген ізгі ниеті жөнінен де жыр ерекшеленеді. Ол көне наным-сенімдер арқылы көмкерілген. Назым сұлу Қамбар батырдың дұшпанды жеңіп, мерейі үстем болуын тілегенде мойнына бұршақ салады. Қазақтың наным-сенімінде мойнына бұршақ салып Тәңірден тілек тілеу дағдысы болған. Яғни, көне магиялық «байлау», «бекіту» түсініктері Назымның Қамбарға деген сезімін сипаттауға жұмсалған.

Жырдың аяғында Назым ұзатылып, Қамбардың еліне көп жасаумен барады (Березин, Қалқай, Диваев, Бармақ нұсқасы) немесе Қамбар тобырын көшіріп алдырады, Әзімбайдың аулына қатар қонады (Тухфатуллин, Шапай нұсқасы). Күйеудің қалыңдық аулына қоныс тебуін академик С.Қасқабасов матриархат көрінісі ретінде қарастырады: «Қаһарманның қайын атасының тағына отыруы және қайын атасының елінде (үйінде) уақытша өмір сүруі – ерте заманда жоғалған матрилокальді некенің іздері деген ойға жетелейді. Кемелденген матриархат тұсында некелесудің жиі кездесетін түрі күйеу жігіттің қалыңдығының үйіне қоныс аударуымен, яғни күшік күйеу болуымен ерекшеленетін матрилокальді неке болғаны белгілі» [7, 76]. Шапай нұсқасында жауды жеңіп қайтқан Қамбар «Қыз алатын малым жоқ, қосылар қазір бұйрық жоқ» дейді. Елінің адамын жиып Алшыораз «ұнатқан жерден жайлауын, қыстауын беріп, қолға алайық» деп ұсыныс айтады, алдына мал салады. Сонда ғана Назымды айттырмақ боп Әзімбайға құда жібереді. Шапай нұсқасында батырлық жолмен үйленуді жетімсіз санап, Қамбарды Назымға құда түсіріп үйлендіреді.

Батырдың анасымен қоштасуы жырда өзіндік ерекшелігімен көрініс тапқан. Жырда көпшіліктің және анасы берген ақ батаның магиялық қасиетінен батырға қорған боларлық киесін дәріптеу, зақым келмеу (магия не уязвимос-

ти) сарыны бар. Анасының сапаралдындағы ақ батасын алуы Қамбардың жаумен айқаста жеңіске жетуіне мұрындық болады. Бармақ нұсқасында Қамбардың Қараманмен соғысуға аттанар алдында шешесімен қоштасуы молынан жырланады.

Шығыстанушы ғалым Н.И.Березин жариялаған «Қамбар баһадүрдің жырында» Қозының шешесі сияқты Қамбардың анасы да ұлын қатерлі сапарға аттанбауын сұрап үгіттеуге тырысады. Жорық алдында Қамбар анасымен қоштасып, бәйтеректің түбіне ат басындай алтын тығып қойғанын айтып, тоқсан үйлі тобырдың аш-арығын асырауды тапсырады.

Жырдың Тухфатуллин, Шапай нұсқаларында жорық алдында тұлпарын жолдасына сенбей, саяпкерге емес, шешесіне бақтырады. Бұл – жырдағы әйел-ана образдарының түрліше мәнін аңғартатын белгілер. «Уход за конем, в том числе и кормление его, в эпосе разных кочевых в прошлом народов – забота женщины, хотя в боевых и походных эпизодах, естественно, батыр сам ухаживает за своим конем», – дейді Р. С. Липец [8, 162].

Ұлттық дәстүрімізге сай бойжеткен қыздың жеңгесімен сырлас-мұндастығына Қалқай және Бармақ нұсқаларында ерекше орын берілген. Бармақ нұсқасында Назым қасында жеңгесі болмағандықтан, Қамбармен сөйлесе алмай қалады. Қамбар да жалғыз емес, аңға бір жолдасымен шыққан. Ал Қалқай нұсқасында қайрылмай кеткен Қамбар қылығына деген ойын қыз қос жеңгесіне келіп: «Екі ағамнан қорықты ма, Қамбар неге қайрылмады, болмаса кедейлігін ескергені ме?» – деп шағынады. Осы нұсқада әлеуметтік теңсіздікке баса назар аударылған.

Бармақ нұсқасында Мақтымның портреті, тұрпайы бейнесі Назымның жеңгесінің суреттеуінде былайша берілген:

Аюдай қара күржиген,
Таңқымдұрын, бұжыр бет...

Арбандаған не ме екен,
Қысық көзі ақиып.

Тухфатуллин нұсқасында алты жеңгесіне, Диваевта жеңгесіне иіртіп, отыз қатын өрмекті құрып, жүгіртеді. Бармақ нұсқасында Назым өзі өрмек құрады. Өрмектің мәні батырлық эпостардың мазмұнына сай қызметіне байланысты. Мысалы, «Алпамыс батырда» бала Алпамыс өрмек құрған кемпірдің баласын түртіп өлтіріп қояды, өрмек құрып отырған кемпір Алпамыстың қалыңдығы туралы хабарды айт-ады. «Қамбар неге бетіме қарамай өте шықты» деп айнаға қарап Назым өз көркіне өзі талып қалатын М.Балзақов вариантында ғашықтық дастандардың әсері байқалады. Назым алты жеңгесіне ұршық иіртіп, ақ жібектен өрмекті өзі құрады. Фольклор табиғатының өзіндік ерекшелігіне скермей, рухани мұрамызды саясатпен байланыстырған кезеңдерде Назымды еңбекқор, шаруа қыз бейнесінде жаңсақ түсіндірген пікірлердің де орын алғаны белгілі [9, 259].

Қорыта келгенде «Қамбарбатыр» жырындағы әйелдер бейнесі халықтық ойлармен көзқарастарды эпикалық тұрғыдан байыптауға негізделген. Батырдың анасы жорық алдында батырдың тұлпарын баптап, Назымның жеңгелері қос ғашықтың махаббатына тілеулес болса, Қамбардың ақ жаулықты жеңгелері де аяулы жандар, жорық алдында батыр әке-шешесінен кейін олармен қимастық сезіммен қоштасып жатады (Бармақ нұсқасында). «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі кейіпкердің (батыр) айналасы немесе көмекшілері (жақтастары) болып келеді.

Адам бойындағы ізгі қасиеттерді батырдың бойына жинақтау арқылы ел-жұрттың бірлігі мен ынтымағы дәріптелетін жырда әйелдер бейнесі үш тұрғыда көрінеді: батырдың сүйген жары, батырдың анасы және екі жастың қосылуына ниеттес жеңгелер бейнесі сомдалған.

Әдебиеттер

- 1 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Л.: Наука, 1988. – 226 с.
- 2 Кузьмина Е.Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. – Новосибирск: Наука, 1980. – 160 с.; Надршина Ф.А. Отражение брачных отношений в башкирском фольклоре: мотив выбора жениха // Духовная культура народов России: Материалы заочной Всероссийской научной конференции. – Уфа: Гилем, 2011. – С. 19-28.
- 3 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 4 Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
- 5 Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.
- 6 Фрэзер Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии / пер. с англ. – М.: Политиздат, 1998. – 784 с.
- 7 Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 4. Фольклор иірімдері. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 б.

8 Липец Р. С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 262 с.

9 Смирнова Н.С. Основные версии «Камбара» // Камбар батыр. Научное издание. Под ред. М.О.Ауэзова и Н.С.Смирновой. – Алма-Ата, 1959. – С.253-318.

References

1 Putilov B.N. Geroicheskiy jepos i dejstvitel'nost'. – L.: Nauka, 1988. – 226 s.

2 Kuz'mina E.N. Zhenskie obrazy v geroicheskom jepose burjatskogo naroda. – Novosibirsk: Nauka, 1980. – 160 s.; Nadrshina F.A. Otrazhenie brachnyh otnoshenij v bashkirskom fol'klоре: motiv vybora zheniha // Duhovnaja kul'tura narodov Rossii: Materialy zaочноj Vserossijskoj nauchnoj konferencii. – Ufa: Gilem, 2011. – S. 19-28.

3 Ybyraev Sh. Epos әlemi. Qazaqtynг batyrlyq zhyrlarynyng poietikasy. – Almaty: Gylym, 1993. – 296 b.

4 Berdibaj R. Epos muraty. – Almaty: Bilim, 1997. – 320 b.

5 Azibaeva B.U. Kazahskij dastannyj jepos. – Almaty: Gylym, 1998. 250 s.

6 Frjezer Dzh. Zolotaja vetv': Issledovanie magii i religii / Per. s angl. – M.: Politizdat, 1998. – 784 s.

7 Qasqabasov S. Tangdamaly. T. 4. Fol'klор iirimderi. Әr zhylyzerteuler. – Astana: Foliant, 2015. – 328 b.

8 Липец Р. С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 262 с.

9 Smirnova N.S. Osnovnye versii «Kambara» // Kambar batyr. Nauchnoe izdanie. Pod red. M.O.Aujezova i N.S.Smirnoj. – Alma-Ata, 1959. – S. 253-318.